



## Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №864478/2023/1

01.07.2023 жылғы

"Ембімұнайгаз" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары Жылқайдаров Максат Оркенулы негізінде әрекет ететін Сенімхат №1851422251 13.09.2022 бастап, атынан, бір жағынан, және АҚ "Петропавловский завод тяжелого машиностроения" бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Бас директор Кулмагамбетов Арман Сансызбаевич атынан, негізінде қызмет ететін Жарғы, , екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 864478 негізінде осы тауарларды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

Әлеуетті өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Жеткізуші Тауарды Шартқа Қосымша №1 және №2-де көрсетілген баға бойынша және мерзімде беруге, ал Сатып алушы Шарт бойынша Жеткізуші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды қабылдауға және төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.3. Тауарды жеткізу DDP «Инкотермс 2010» жағдайында жүзеге асырылады.

1.4. Тауарлар саны, Тауарлар бірлігі, оның техникалық сипаттамалары, жеткізілетін орны мен Жүк алушының мекенжайы Шартқа Қосымша №1 және №2-мен анықталады.

### 2. Анықтамалар.

2.1. Осы Шартта төменде көрсетілген анықтамалар мен ұғымдар төмендегідей мәнге ие болады:

- 1) Жүк алушы – Шартқа Қосымшалар №1 мен №2-де «Жеткізу орны» көрсетілген, Сатып алушының өндірістік құрылымдық бөлімшесі;
- 2) Сатып алушы (Тапсырыс беруші, Тапсырысшы) - «Ембімұнайгаз» АҚ;
- 3) Жеткізуші - "Петропавловский завод тяжелого машиностроения" АҚ;
- 4) Шартқа Қосымша №1 және №2-де көрсетілген, тауар –материалдық құндылықтар;
- 5) Жеткізу мерзімі –Шартқа Қосымша №1 және №2-ге сай Тауардың ақырғы жеткізілу күні көрсетілгенге дейін Шарттың Тараптарының қолдары қойылған күннен бастап есептелетін мерзім;
- 6) Қабылдау – Сатып алушы комиссиясының Тауарды қабылдауы;
- 7) Тауардың жеткізілу күні – Жеткізушінің Шарттың 7.3 тармағында көрсетілген ілеспе құжаттардың толық пакетін Сатып алушыға беру арқылы, Тауарды жеткізу күні;
- 8) Қор – «Самрук-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;
- 9) Холдинг –меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында дауыс беруші акцияның (қатысу үлесі) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде Қорға тиесілі Қордың және заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілілік - меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында дауыс беруші акцияның (қатысу үлесі) елу және одан да көп пайызы кез келген келесі заңды тұлғаға тиесілі.
- 10) Тауарды қабылдау-тапсыру Актісі (Тауарды саны, жиынтығы бойынша қабылдау Актісі) – Сатып алушының (Тапсырысшы) Тауарды Шартқа Қосымша №4-те көзделген форма бойынша қабылдау дерегін растаушы құжат.

### 3. Тауардың саны және сапасы.

3.1. Жеткізілетін Тауардың сапасы Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжаттар (ГОСТ, СТ РК, ТУ, ОСТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толықтай сәйкес болуы, сәйкестілік сертификатымен және зауыт-дайындаушының белгіленген үлгідегі сапа паспортымен расталуы тиіс. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарға Жеткізуші ішкі айналым үшін тауардың шығарылуы туралы сертификат беруге міндетті.

3.2. Кейбір жағдайларда, жөнелтудің транзиттік нормаларына байланысты, Сатып алушының жазбаша келісімі арқылы жеткізу көлемінен Тауардың белгілі бір категориясына ауытқу – 3 (минус үш)% болады (тек өлшенетін жүктер үшін – тонна, метр және т.б.), мұндайда Тауар төлемін Сатып алушы нақты қабылданған Тауар көлеміне сай жүргізеді.

3.3. Жеткізілетін Тауар «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» ҚР Заңына сәйкес, энерготииімділік талаптарына сай болуы тиіс.





#### 4. Шарттың құны және төлеу шарттары

4.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 1341196424.96 (бір миллиард үш жүз қырық бір миллион жүз тоқсан алты мың төрт жүз жиырма төрт теңге, тоқсан алты тиын) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

4.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

4.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

4.3.1. Жеткізілген Тауар бағасының 90 (тоқсан) % Шарттың 7 тарауына сәйкес Тауардың жеткізілгенін растайтын, соның негізінде төлем жүргізуге шот-фактура/есеп (инвойс) берілген, қабылдау-тапсыру Актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі, ал егер Шартпен монтаждау, жинау, іске қосу-жөндеуді орындау және Тауарды пайдалануға шығару бойынша міндеттемелер көзделген болса, Шартқа Қосымша №6 формасы бойынша жұмыстарды орындау Актісіне қол қойылған күннен бастап есеп-фактура/инвойс Қазақстан Республикасы салық заңнамасының/қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жазылып беріледі.

ЕРЕКШЕ ШАРТТАР: Егер Жеткізуші сатып алынатын Тауардың тауар өндірушісі (өтініш (тауар өндірушінің декларация негізінде сатып алынатынмен біртектес тауары), немесе сатып алынатын тауарды өндіруші мүгедектер ұйымы болса (жеке тұлға – кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын мүгедек), онда Сатып алушы Жеткізушіге Шарттың жалпы сомасының 30% мөлшерінде аванстық төлем аударады, ал ұзақ мерзімді сатып алу болса, Тауардың жеткізілуі көзделген соманың 30% ұзақ мерзімді шарт әрекет ететін келесі 12 (он екі) ай ішінде, Жеткізуші банктік кепілдік түрінде авансты (алдын ала төлем) және Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей аударады. Қалған төлем сомасы Шарттың 4.3 және 4.4 тармақтарында көрсетілген тәртіпке сай Тауардың нақты жеткізілу дерегі бойынша, аванстық төлем сомасын пропорционал ұстап қалу арқылы төленеді.

4.4. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

4.4.1. Электрондық құжат нысанында шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы жергілікті қамту үлесін есептеу (электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады).

4.4.2. Тауарды қабылдау-тапсыру актісі;

4.4.3. Шот-фактура.

ЕРЕКШЕ ШАРТТАР:

Есеп, оның ішінде ақырғы есеп, сатып алынатын Тауарды өндірушімен арада немесе сатып алынатын тауарды өндіруші мүгедектер ұйымы болса (жеке тұлға – кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын мүгедек) жасалған Шарт бойынша Тауарды қабылдау-тапсыру Актісіне Тараптардың қолы қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде есепшот-фактура негізінде жүргізіледі, ал егер Шартпен Жеткізушінің монтаждау, жинау, іске қосу-жөндеу және Тауарды пайдалануға беру міндеттемелері көзделген болса, Шартқа Қосымша №6 формасы бойынша орындалған жұмыстар Актісіне қол қойылған күннен бастап.

4.5. Төлемге құжаттар пакетінің дер уақытында берілмеуімен байланысты, төлемнің кешіктіріліп төленгені үшін Тапсырысшы жауапты болмайды.

4.6. Ақырғы есеп айырысу үшін Жеткізуші төлем жүргізу үшін қажетті, төмендегідей құжаттар жиынтығын береді:

4.5. Төлемге құжаттар пакетінің дер уақытында берілмеуімен байланысты, төлемнің кешіктіріліп төленгені үшін Тапсырысшы жауапты болмайды.

4.6. Ақырғы есеп айырысу үшін Жеткізуші төлем жүргізу үшін қажетті, төмендегідей құжаттар жиынтығын береді:

• Қабылдау-тапсыру Актісі, шот-фактура / төлем жүргізуге есеп (инвойс);

Сатып алушы тарапынан ресімделген және Тараптардың қолдары қойылған:

• Жұмыстардың орындалу актісі (Шартқа Қосымша №6 формасы бойынша Сатып алушы мен Жеткізушінің қолдары қойылған, монтаждау, жинау, іске қосу-жөндеу және Тауарды пайдалану беру қажет болғанда);

• Сатып алушы формасы бойынша ресімделген, өзара есеп айырысу есебін салыстыру актісі;

• Жауапкершілікпен сақтау бойынша қызметтер көрсету актісі (Сатып алушы тарапынан Жеткізушіге осы Шарт және басқа да шарттар бойынша көзделген тауарды жауапкершілікпен сақтау қызметтерін көрсету кезінде);

• Вагондарды тазалауға беру бойынша қызметтер көрсету актісі (Сатып алушы тарапынан Жеткізушіге осы Шарт және басқа да шарттар бойынша көзделген вагондарды беру және тазалау қызметтерін көрсету кезінде).

Құжаттарды беру оларды Жүк алушының кеңсесінде тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған құжаттардың әрқайсысында Шарттың номері және тіркелген күні болуы тиіс.

4.7. Шарт бойынша ақырғы есеп айырысу жүргізілгенге дейін Тараптар Сатып алушымен (Тапсырысшы) ұсынылған форма бойынша өзара есеп айырысуды салыстыру Актісін ресімдейді, тауарды алған соң, келіспеушілік болмаған жағдайда Жеткізуші қол қоюға және 3 (үш)





жұмыс күні ішінде екі данасын Сатып алушыға беруге, болмаса Сатып алушыға келіспеушіліктің бары туралы ескертуге міндетті. Олай болмаған жағдайда, Жеткізуші наразылық, келіспеушілік білдіру құқығынан айырылады және өзара есеп айырысуды салыстыру Актісіне қол қоюға міндетті болады.

4.8. Сатып алушы мен Жеткізуші арасында жасалған барлық шарттар бойынша Жеткізушіге тиесіліден төленген авансты Жеткізушінің осы Шартта, сондай-ақ Сатып алушы мен Жеткізуші арасында жасалған басқа да шарттарда көрсетілген өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін, Сатып алушы біржақты тәртіппен кез келген соманы ұстап қалуға құқылы.

4.9. Шарт бойынша төлем теңге түріндегі ақша қаражатын Сатып алушының Шарттың 20 тарауында көрсетілген есептік шотына аудару арқылы жүргізіледі.

4.10. Төлем жүргізу, төлемеу немесе кез келген шот-фактура бойынша төлем жүргізуге қарсылық білдіру дерегі, кез келген дауды реттеу кезіндегі кез келген төлемдер немесе есептер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келген байланыстары Сатып алушының Жеткізуші шот-фактураларын мойындағаны болып табылмайды. Сатып алушы тарапынан жүргізілетін кез келген төлем оның есепте көрсетілген соманың негізділігіне одан әрі келіспеуіне құқық береді.

4.11. Сатып алушының және Жеткізушінің банктік деректемелері немесе заңды мекенжайы өзгерген жағдайда, Тараптар ол жөнінде сондай өзгеріс болған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, алдын ала бір біріне хабарлайды. Егер жоғарыда көрсетілген мерзімнің бұзылуы немесе Жеткізуші тарапынан төлем жүргізу үшін деректемелері дұрыс берілмей, төлем қате деректемелер бойынша төленген жағдайда, Сатып алушы төлем бойынша міндеттемелерін дұрыс орындаған болып саналады. Мұндайда, егер аударылған ақша Сатып алушының есептік шотына қайта келетін болса, Сатып алушы ақшаның дұрыс емес деректемелер бойынша аударылуы үшін жұмсалған қосымша шығындар сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалып, қайтып келген ақшаны Жеткізушіге аударуға міндетті.

4.12. Тауарды жеткізу немесе тікелей жеткізумен байланысты, кедендік төлемдер және бюджетке төленетін басқа да төлемдерге, салыққа қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар осы Шартқа қосымша келісім жасау арқылы тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

## 5. Тауарды буып-түю және таңбалау.

5.1. Алдын ала, жеткізілетін Тауарды орамас бұрын, Жеткізуші жабдықты атмосфералық жауын-шашын әсерінен, күн көзінің тікелей түсуінен, тоттанудан, тиеу-түсіру кезіндегі апаттан қорғау, тасымалдау және сақтау шарттарын сақтау үшін, тазарту, сырлау, майлау, қорғаныс жабындысымен қаптау, осал бөлшектерді шешіп алу, швартовка немесе жабдықтың ішкі бөлшектерін дiрiл немесе соққыдан қорғау мақсатында бекіту секiлдi, сақтандыру іс-шараларын қолдануы тиіс.

5.2. Тауарды орау кезінде Жеткізуші Тауардың көліктің кез келген түрімен тасымалдануы кезінде сақталуын қамтамасыз ету үшін, орауға қатысты жалпыға ортақ талаптарды басшылыққа алуы тиіс.

5.3. Жеткізуші ұсталуы және/немесе тасымалдануы және/немесе сақталуы үшін ерекше шарттар талап етілетін Тауарлар бірлігін, сондай-ақ ауа-райының өзгеруі әсер ететін Тауарлар түрлерін арнайы анықтап, сондай заттарды пайдалануы үшін қажетті сақтық шараларын Сатып алушыға хабарлауы тиіс.

5.4. Тауар Сатып алушыға Тауарды тиеу, темір жол және/немесе автокөлікпен тасымалдау, түсіру кезінде бүлінбей сақталуын, теңселуін қоса, қамтамасыз ететін тиісті орамасымен жеткізеді, сонымен қатар орамасы кранмен түсіру үшін де қолайлы болуы тиіс.

5.5. Әрбір жәшіктің сыртына немесе орамасына ылғал өткізбейтін қағаздан жасалған орама бетшесінің көшірмесімен бірге конверт бекітіледі. Конверт металл пластинкамен көмкеріліп, жәшікке бекітіледі. Орама бетшесінің екінші көшірмесі Тауармен бірге жәшіктің ішіне салынады. Егер Тауар орамасыз жөнелтілетін болса немесе орамасы жұмсақ болса, конверт тікелей Тауардың жарамсыз бөлігіне бекітіледі.

5.6. Техникалық құжаттама, егер ондай көзделген болса, атап айтқанда Тауарды пайдалану бойынша паспорт және нұсқаулық Тауармен бірге жәшіктің немесе ораманың ішіне, тиісті жеріне салынады.

5.7. Таңбалау өшірілмейтін бояумен орыс тілінде Тауар салынған әр жәшіктің немесе буып-түйудің үш бетіне соғылады (әр жәшіктің қақпағына, алдыңғы бетіне және сол жағына). Тауар салынған әр жәшік төмендегідей үлгіде таңбалануы тиіс: • Жөнелтуші атауы • Жеткізілетін пункті • Абайлаңыз • Беті • Лақтырмаңыз • Құрғақ жерде ұстаныңыз • Шарт № \_\_\_\_\_ • Брутто салмағы \_\_\_\_\_ кг. • Нетто салмағы \_\_\_\_\_ кг. • Жәшік немесе Буып-түйю № \_\_\_\_\_ • Ауқымы \_\_\_\_\_ • Көлемі \_\_\_\_\_ (куб. см) • Ауырлық ортасы.

## 6. Тараптардың құқықтары және міндеттері

6.1. Өнім беруші міндетті:

6.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

6.1.2. Шарттың және оның қосымшаларының талаптарына сәйкес, Тауардың тиісінше және дер уақытында жеткізілуін қамтамасыз етуге;

6.1.3. Банктік кепілдеме төмендегідей ақпарат болуы тиіс:

6.1.3.1. Банктің атауы;

6.1.3.2. Банктік кепілдеме номері (кепілдік міндеттемелер);





- 6.1.3.3. Банктік кепілдеме күні;
  - 6.1.3.4. Орындаушы атауы;
  - 6.1.3.5. Шарттың номері және күні;
  - 6.1.3.6. Шарттың мәні;
  - 6.1.3.7. Банктік кепілдеме сомасы;
  - 6.1.3.8. Банктік кепілдеменің әрекет ету мерзімі.
- 6.1.4. Қағаз нұсқасындағы банк кепілдігінің түпнұсқасы Тапсырыс берушіге келесі мекенжай бойынша ұсынылады: ҚР, Атырау к., Валиханов к., 404 каб.
- 6.1.5. Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:
- 6.1.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында берілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесін есептеу (жүйеде ұсынылады). Соңғы қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.
  - 6.1.5.2. Шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) СТ-KZ нысаны сертификатының (сертификаттарының) электрондық көшірмесі (көшірмелері)(Жүйеде ұсынылады). Тәртібінің 37-бабының 6-тармағына сәйкес «қарапайым заттар экономикасы» тауарларын жеткізу кезінде түпкілікті қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.
- 6.1.6. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.
- 6.1.7. Жеткізілетін Тауарға қатысты Шарттың 7.3 тармағында көрсетілген ілеспе құжаттарды беру;
- 6.1.8. Шарт бойынша өз міндеттемелерін кімге болса да толықтай да, жартылай да Сатып алушының алдын ала жазбаша келісімінсіз бермеу;
- 6.1.9. Сатып алушы талабы бойынша Сатып алушыға осы Шарт шеңберінде оларды тарту кезінде жасалған барлық мердігерлік шарттардың көшірмесін беру. Мердігерлердің болуы Жеткізушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа да жауапкершіліктен босатпайды. Сатып алушы Жеткізушімен арада жасалған мердігерлік шарттың бұзылуына байланысты, мердігерге талаптар қоюға құқылы;
- 6.1.10. Сатып алушының жазбаша актісі бойынша сонда көрсетілген Сатып алушының өкілдеріне Жеткізушінің Сатып алушы алдында міндеттемелерін орындауына қатысты құжаттарды (бухгалтерлік есептер, шот-фактуралар, шығындар бойынша бастапқы құжаттар) алуы және танысуы үшін берілетін құқықты пайдалана отырып, аудит өткізуіне рұқсат беруге;
- 6.1.11. Тауарды жеткізу және Шарт бойынша монтаждау, жинау, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізуге квалификациясы, білімі және тәжірибесі бар қызметкерлерді тарту. Осындай қызметкерлердің бәрінің квалификациясы, тәжірибесі және қолданыстағы ережелер, нұсқаулықтар, нормалар және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарымен көзделген тиісті дайындығы болуы тиіс;
- 6.1.12. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін рұқсат құжаттарын алумен (алу қажеттілігі болған жағдайда) байланысты, барлық шығындарды өтеуге;
- 6.1.13. Сатып алушы талаптары бойынша Тауарлар жеткізілген соң, өзара есеп айырысуды салыстыру Актісіне 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қойылады;
- 6.1.14. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау барысында Жеткізуші тарапынан жіберілген кемшіліктер үшін толықтай жауапты болу, сондай-ақ Жеткізушінің заңнаманы бұзығаны үшін, экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында әкімшілік жауапкершілікке тартуға негіз болатын, Сатып алушыға уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан салынған кез келген жаза үшін толық жауапкершілікте болу;
- 6.1.15. Тауарға қатысты жергілікті қамту үлесі бойынша ұсынылған ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру;
- 6.1.16. Егер Жеткізуші сатып алынатын, Холдингтің тауар өндірушілерінің реестрінде тұрған Тауардың өндірушісі болып табылса, онда Жеткізуші өзі өндіретін Тауарды жеткізуге міндеттенеді. Аталған жағдайдың орындалуын растау болып тараптардың қолдары қойылғанға дейін Жеткізушінің сатып алынған тауардың қабылданған-берілгенін растайтын тиісті актіні, сатып алынатын тауар партиясына/сериясына берілетін СТ-KZ формалы сертификатын (түпнұсқа, нотариус арқылы куәландырылған көшірмесі немесе тауардың ішкі нарықта пайдалану үшін өндірілгені туралы сертификат берілген кезде уәкілетті органның мөрмен расталған көшірмесі) беруі саналады.
- СТ-KZ формалы сертификаттар Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың бүкіл көлеміне (санына) берілуі тиіс.
- Егер Жеткізуші көрсетілген мерзімі ішінде СТ-KZ формалы сертификатты бермесе, өзі өндіретін Тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін, Жеткізушіге жауапкершілік жүктеліп, Шарттың жалпы құнының 10% көлемінде айыппұл салынады, оны Жеткізуші Тауардың қабылдау-тапсыру актісіне Тараптардың қолдары қойылғанға дейін төлеуі тиіс. Мұндайда осындай Жеткізуші жөніндегі мәліметтерді Сатып алушы Жеткізушімен жоғарыда аталған міндеттемелердің орындалмау дерегі





анықталған күннен бастапқы 10 (он) жұмыс күні ішінде сатып алу Қорының Операторына Жеткізушіні Холдингтің тауар өндірушілерінің реестрінен шығарып тастауы үшін, растаушы құжаттарымен бірге жібереді;

6.1.17. Егер мемлекеттік органдармен камералық бақылау процедуралары, тәуекелдерді басқару және/немесе тексерулер жүргізу жүйелерін қолдану, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде төлемеу деректері анықталса, болмаса Шартпен көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулар расталмаған жағдайда, соның салдарынан Сатып алушыға ҚҚС бойынша артық төленген сома, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылмайды, сонымен қатар салықты жеткізіп төлеу жүктеледі, мұндайда Жеткізуші Сатып алушыдан тиісті Хабарлама алған соң, 10 (он) күнгізбелік күн ішінде ҚҚС-нан артық төленген, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылмайтын барлық соманы, сондай-ақ жүктелген өзге де салықтарды, қаржы санкциясын қоса, Сатып алушыға қайтаруға міндеттенеді. Осы тармақпен көзделген шарттар тікелей Жеткізушінің өзімен арадағы өзара қарым-қатынаспен шектелмейді, сонымен қатар Жеткізушінің өзінің жеткізушілерімен арадағы қандай да бір негіздемелер бойынша Сатып алушымен арадағы есеп айырысуды растамайтын, қосылған құн салығы қайтарылмайтын және салықтар мен қаржы санкциясының төленбеуіне соқтыратын, Сатып алушыға мемлекеттік органдардан берілген қарым-қатынасқа да ықпал етеді.

6.1.18. Егер камералық бақылау процедуралары және/немесе тексеру жүргізу шеңберінде, сондай-ақ басқа да іс-шаралар барысында мемлекеттік органдар тарапынан Жеткізушіге қатысты босатылу шарттарының қолданылмауы себебінен төлем көзінің салық салынуудан босатылуының негізсіздігі анықталған болса, онда Жеткізуші Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуі тиіс салық пен қаржы міндеттемелерінің бүкіл сомасын қайтаруға міндеттенеді. Сатып алушы аталған оқиғаның басталу дерегін растайтын барлық тиісті құжаттарды береді;

6.1.19. Сатып алушы сұратуы бойынша көрсетілген мерзімде Шарттың орындалуымен байланысты ақпарат пен құжаттарды береді, атап айтқанда, Жеткізушінің шаруашылық қызметі бойынша қаржы есебін;

6.1.20. Сатып алушы территориясында Шарт талаптарын, өнеркәсіптік, экологиялық, санитарлық, өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздік талаптары аясында заңнама талаптарын сақтау, Тауарды Қазақстан Республикасы мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі регламенттеуші құжаттарға сәйкес жеткізу, Сатып алушы территориясында қауіпсіздіктің барлық шараларының өз есебінен орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Тауарды жеткізу кезінде жоғарыда көрсетілген талаптардың сақталмағаны үшін толықтай жауапты болу. Тиісті талаптар мен тәртіптерді сақталмаған жағдайда, Жеткізушіге Сатып алушы нысандарына Тауар жеткізуге тыйым салынады немесе Тауар көлеміне тек Сатып алушы қажет деп тапқан Тауарлар жатқызылуы мүмкін, мұндайда Жеткізуші Тауардың дер уақытында жеткізілмегені үшін жауапты болады.

6.1.21. Сатып алушы өкілдерінің жеткізілетін Тауардың зауыттағы сынағына қатысуын өз есебінен қамтамасыз ету, егер мұндай талап техникалық сипаттамада қаралған болса, сонымен қатар іссапар шығындарын төлеу (Сатып алушы орналасқан жерден зауытта сынақ жүргізілетін жерге дейін және кейін қарай, сондай-ақ Сатып алушы өкілінің іссапарға болған кезеңіндегі тұрғынжайы мен тамақтануы);

6.1.22. Көлік құралдары мен арнайы техниканың Сатып алушының келісімді/келісілмеген территориясына кіруі/шығуы, сондай-ақ қозғалысы/болуы кезінде Сатып алушыға және/немесе оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және (немесе) стационар топтар / күзет қызметі) Сатып алушының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген жүргізуге берілген рұқсат қағазын көрсету, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген тұлғалар талаптары бойынша Сатып алушымен және/немесе оның өкілдерімен (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және (немесе) стационар топтар / күзет қызметі) Жеткізушінің көлік құралдары мен арнайы техникасына толық тексеру жүргізу, оның ішінде тиісті құжаттарына. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Сатып алушы және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техника мен жүргізушіні келісімді территорияға болмаса күзетілетін нысанға кіргізбеуге, сондай-ақ территориядан шығарып жіберуге немесе құқық бұзушылық, Сатып алушының келісімді территориясында қылмыс болған жағдайда ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыртуға құқылы;

6.1.23. Сатып алушы сұратуы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сатып алушыға Жеткізуші тарапынан осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауармен бірдей және/немесе тең тауарға ұсынылған бағалар туралы ақпарат беру мүмкіндігін қарау (оның ішінде белгілі бір күні жеткізуге Жеткізушінің қолы қойылған коммерциялық ұсыныс)

6.1.24. Шарттың орындалуы шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттер, тәртіптер ережелерімен белгіленген талаптарға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өзге де құжаттарға сәйкестілігін растаушы құжаттарды тапсыру.

6.1.25. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Сатып алушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

## 6.2. Өнім беруші:

6.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;





- 6.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.
- 6.2.3. Шарт талаптарына сәйкес Тауарды қабылдау-тапсыру процесіне қатысу. Осы мақсатта Жеткізуші Тауардың жеткізілу күніне дейінгі 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын Тауарды беру және қабылдау кезінде қатысатын өз өкілі туралы Сатып алушыға хабарлайды.
- 6.2.4. Тапсырысшыдан Шарттың орындалуын қамту қаржысының дер уақытында қайтарлуын талап етуге.
- 6.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқылы.
- 6.3. Тапсырыс беруші міндетті:
- 6.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.
- 6.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.
- 6.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.
- 6.3.4. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге төлеген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді қайтару.
- 6.3.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға.
- 6.4. Тапсырыс беруші құқылы:
- 6.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.
- 6.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.
- 6.4.3. Жеткізушіден Тауарды қабылдау кезінде орын алған тұрақсыздық айыптары (өсімпұл, айыппұл), шығындар сомасының төленуін талап етуге;
- 6.4.4. Шарт және Тараптар арасында жасалған өзге де мәмілелер бойынша Жеткізушіге тиесілі төлемнен өсімпұл/айыппұл сомасын, жауапкершілікпен сақтау шығындарын (Көрсетілген қызметтер актісіне сай) және басқа да қызметтер сомасын, сондай-ақ магистральдық және станция жолдарында тұрып қалғаны үшін төленетін төлем, вагондар беру және әкету үшін төленетін төлем, жүктердің, вагондар мен контейнерлердің қозғалысы туралы алдын ала ақпарат бергені үшін төлемді, операторға төленетін төлемді, күзет қызметінің қолдауы үшін төлемді, сондай-ақ басқа да төлемдерді қоса, темір жол көлігінің қызметтері үшін жұмсалған шығындарды ұстап қалу;
- 6.4.5. Жеткізілген Тауардағы кемшіліктерді, ақауды және/немесе жарамсыздықты жоюды немесе оны жаңасына ауыстыруды талап ету;
- 6.4.6. Тауардан немесе Тауардың/Шарттың бағасын азайту арқылы оның Шарт талаптарына сәйкес келмейтін бөлігінен бас тарту немесе сапасыз Тауарды Шарттың 7.11 тармағына сай Жеткізушіге қайтару;
- 6.4.7. Монтаждау, жинау, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет болғанда және/немесе Тауарды пайдалануға енгізу кезінде пайдалануға рұқсатты шектеу болмаса Жеткізушінің Шарттың 6.1.11 тармағымен қаралған, квалификациясы сәйкес келмейтін қызметкерлеріне сәйкеспеушіліктер жойылғанға дейін пайдалануға рұқсат бермеу;
- 6.4.8. Жеткізушінің немесе оның өкілдерінің қызметкерлері мен көлік құралдарының Сатып алушы нысандарына кіруін Сатып алушының ішкі талаптарының және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталмағаны үшін, анықталған кемшіліктер мен сәйкеспеушіліктер толықтай жойылғанға дейін шектеу;
- 6.4.9. Жеткізушіден Шарттың орындалуымен байланысты ақпарат пен құжаттарды сұрату, оның ішінде Жеткізушінің шаруашылық қызметінің қаржы есебін;
- 6.4.10. Банк құжатын осы Шарт бойынша төлем сомалары туралы ақпарат сақталған Қордың қауіпсіз мекенжайына беру, Жеткізушінің атауын, шотының номері мен төлем мақсатын қоса;
- 6.4.11. Қордың сұратуымен осы Шарт бойынша кез келген ақпаратты беру;
- 6.4.12. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртібінің және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу.
- 6.4.13. егер Сатып алушыда Тауарға деген сұранысты азайту қажеттілігі туындаса, оның ішінде мұнай бағасының конъюнктурасын азайтуға, Сатып алушы құқығы сақталады:
- 6.4.13.1. кез келген уақытта Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейінгі 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлама жіберу, Жеткізушіге нақты жеткізілген немесе жөнелтілген Тауар үшін төлемді жүзеге асыру арқылы, Сатып алушы Жеткізушіден осы секілді жазбаша хабарлама алғанға дейін. Мұндайда Сатып алушыдан Шарттың бұзылатыны туралы жазбаша хабарлама алғаннан соң, Жеткізушінің Тауарды жөнелтуі Сатып алушы тарапынан ешқандай өтемақыға жатқызылмайды;
- 6.4.13.2. Тауар көлемін (санын) азайту (қысқарту) туралы қосымша келісім жасау. Мұндайда Сатып алушы Жеткізушіге тек жеткізілген және Сатып алушының белгіленген тәртіпке сай қабылдаған Тауарының бағасы ғана төленеді.





6.4.14. Кез келген уақытта және орында/нысанда, Сатып алушының келісімді/келісімнен тыс территориясында, Шарттың 6.1.22 тармағының талаптарына сай, барлық көлік құралдары мен арнайы техниканы тиісті құжаттарымен бірге (ҚР көлік құралының тіркелгені туралы куәлік, жүргізуші куәлігі, маршрут парағы, тауардың-көліктің жүкқұжаты, ТМҚ қабылдау-тапсыру актісі және т.б.) тексеру және қарау және т.б. Жүргізуші жоғарыда аталған талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Сатып алушы және(немесе) оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімді территорияға болмаса күзетілетін нысанға кіргізбеуге, сондай-ақ территориядан шығарып жіберуге немесе Сатып алушының келісімді территориясында құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда, ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыртуға құқылы.

6.4.15. Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және Жеткізуші Тауарға қатысты жергілікті қамту үлесі жөнінде жалған ақпарат берген жағдайда, шығындарды қайтаруды талап етуге.

### 7. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

7.1. Осы Шарт талаптары бойынша Сатып алушымен алдын ала жүргізілген жазбаша келісім бойынша Тауарды жекелеген партиямен жартылай жеткізу, сондай-ақ Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге рұқсат беріледі.

7.2. Жеткізуші факс, электронды почта арқылы Тауардың жөнелтілу орнынан Жүкті алушы мекенжайына жіберілгені туралы Тауар жөнелтілген сәттен бастап 24 сағат ішінде хабарлайды. Хабарламада жөнелтуге қатысты төмендегідей деректер көрсетіледі және жалғанады:

- шарттың номері;
- тауардың атауы;
- жүкқұжат көшірмесі;
- көлік номері (вагон, контейнер);
- жөнелтілген күні;
- орын саны және салмағы;
- жөнелтілген Тауар бағасы.

Егер Жеткізуші немесе оның өкілі Тауарды тиеу кезінде бола алмаған болса, онда Қосымша №1-де көрсетілген мекенжайға Тауар жеткізілген соң, Жеткізуші электронды почта немесе факс арқылы Сатып алушыға Жеткізушінің немесе оның өкілінің қатысуынсыз Тауарды түсіруге өз келісімін беретіні туралы хат жібереді. Егер Жеткізуші көрсетілген уақыт өткенге дейін түсіруге келісім беретіні туралы хабарлама жібермесе, онда аталған келісім алынған болып саналады, бірақ мұндай жағдайда түсірумен байланысты тәуекелдер Жеткізушіге жүктеледі.

7.3. Тауарды Жүк алушының қоймасына жіберу кезінде Жеткізуші Сатып алушыға төмендегідей ілеспе құжаттарды беруге міндетті:

- тауардың берілу күнінен ерте емес толтырылған және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген жүкқұжатын – 1(бір) түпнұсқа;
- сатып алушы атына және Жүкті алушы мекенжайына толтырылған тауар-көліктік жүкқұжатын – 1 (бір) түпнұсқа;
- салмағы (нетто және брутто), әр жәшіктің және/немесе ораманың номері және ішіндегісі көрсетілген орама парағы – 3 (үш) түпнұсқа;
- Тауарды дайындаушы зауыттан берілген, тауарды пайдалану жөніндегі сапа паспорты және (немесе) нұқсаулық – 1 (бір) түпнұсқа немесе нотариуспен расталған көшірмесі (Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайда болмаса Сатып алушының талабы бойынша, жеткізілетін Тауардың әрбір бірлігіне, оның ішінде оның құрамдас бөліктеріне паспорт және (немесе) дайындаушы зауыттан тауарды пайдалану жөніндегі нұқсаулық беріледі); тауардың зауыт-дайындаушысынан берілген сапа паспорты – 1 (бір) түпнұсқа немесе нотариуспен расталған көшірмесі;
- тауарды өндіруші елдің Сауда-өнеркәсіп палатасымен бекітілген, Тауар өндіруші сертификаты (импорт Тауарлар үшін) немесе ішкі айналыс үшін, Тауардың Қазақстан Республикасының территориясында өндірілгенін растайтын, уәкілетті органнан берілген сертификат – 1 (бір) түпнұсқа немесе нотариуспен расталған көшірмесі. Тауардың өндірілу сертификатын Жеткізуші Қазақстан Республикасы үшін күшіне енген, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және/немесе халықаралық шартпен көзделген жағдайда бермейді;
- Қазақстан Республикасында сертификациялануы міндетті Тауардың сәйкестілік сертификаты (міндетті сертификацияға жатпайтын Тауарға Жеткізуші уәкілетті органнан алынған ақпараттық хатты ұсынады) – 1 (бір) түпнұсқа немесе нотариуспен расталған көшірмесі;
- тауарды халықаралық автокөлік жолымен тасымалдау кезінде Сатып алушыға Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің аймақтық бөлімшесінен берілген, мемлекеттік бақылаудан өткендігі туралы талон беріледі;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық рұқсат етуші құжаттар, оның ішінде жеткізілетін Тауардың лицензиялары, сертификаттары, сондай-ақ қауіпті өндірістік нысандарда қолданылатын технологияны, техникалық құрылғылар, материалдарды (оның ішінде шетелдік) сынақтан өткізуге және қолдануға рұқсат беретін құжаттар. Жеткізілетін Тауарға және оны ресми сайтқа орналастыруға уәкілетті органнан берілген рұқсат болған жағдайда, Жеткізуші Қазақстан Республикасының мемлекеттік (құзыретті) органының ресми интернет көзіне (вебсайт) сілтеме жасалған өтінішті береді;





• техникалық сипаттамада қаралған өзге де құжаттар (Қосымша №2).

7.4. Металдан дайындалған тауарларды қабылдау кезінде (НКТ, штангалар, пакер, СК, штоктар, плунжер, гайка кілттері, бұрғы, табактар, арматура, швеллер, кабель және т.б.) Сатып алушы металдың техникалық сипаттамаға сәйкестілігін тексереді. Сәйкеспейтіндігі анықталған жағдайда Тауарды Сатып алушы қабылдамайды, ал тасымалдауға және сақтауға жұмсалған Жеткізуші шығындары қайтарылмайды. Жеткізуші жөнелтпес бұрын Тауардың қабылданатынын келісуге құқылы.

7.5. Жеткізуші Шарттың 7.3 тармағында көрсетілген ілеспе құжаттарды Тауар Жүк алушының қоймасына берілген сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге құқылы.

7.6. Шарттың 7.3 тармағында көрсетілген ілеспе құжаттарды Жеткізуші белгіленген мерзімде бермеген немесе басқа да Шарттың талаптарына сәйкеспеушіліктер анықталған жағдайда, жеткізілген Тауарды Сатып алушы барлық құжаттарды алғанға дейін немесе басқа да сәйкеспеушіліктер Жеткізуші тарапынан жойылғанға дейін жауапкершілікпен сақтауға қабылдайды, сәйкеспеушіліктердің жойылғаны туралы Сатып алушы Жеткізушіге хабарлайды. Жеткізуші жауапкершілікпен сақтау қызметінің көрсетілу актісіне қол қоюға және Сатып алушыға Тауардың барлық жауапкершілікпен сақталуда тұрған уақыты үшін Қосымша №5-ке сай тариф бойынша төлем жүргізуге міндеттенеді.

Тауар жауапкершілікпен сақтауға қабылданғаннан кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, Жеткізуші Сатып алушыға жетіспейтін құжаттарын жеткізуге немесе сәйкеспеушіліктерді жоюға міндетті.

7.7. Жеткізуші ілеспе құжаттарын бермеген немесе 10 (он) күнтізбелік күн өткенше сәйкеспеушіліктерді жоймаған жағдайда, Сатып алушы Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы, ол жөнінде Жеткізушіге жазбаша хабарлайды, ал Жеткізуші хабарлама алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Тауарды алып кетуге міндеттенеді. Жеткізуші Тауарды қайта алып кету бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Сатып алушы Тауарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалануға құқылы.

7.8. Темір жол көлігімен жеткізілген жағдайда Тауардың жеткізілу күні болып Тауардың Жүк алушының станциясына келген күні саналады, ол темір жол жүкқұжатымен расталып, Сатып алушыға Шарттың 7.3 тармағында көрсетілген ілеспе құжаттардың толық пакеті беріледі.

7.9. Тауар Жүк алушының қоймасына осы Шарттың 7.3 тармағында айтылған құжаттардың толық пакетімен берілгеннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде, Сатып алушы Тауарды қабылдауға міндеттенеді. Жеткізушінің ілеспе құжаттарын беруі Жүк алушының кеңсесінде тіркелу арқылы жүзеге асырылады.

7.10. Тауарды қабылдауды Сатып алушының Қабылдау комиссиясы жүргізеді және Тауар саны, сапасы және жиынтығы бойынша қабылданып, қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап жүзеге асырылған болып саналады.

7.11. Тауардың саны, сапасы және жиынтықтылығы бойынша қабылдау актісіне қол қойылғаннан кейін Тапсырыс беруші 2(екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Жеткізушіге актінің электрондық көшірмесін жібереді. Жеткізуші, өз кезегінде, алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы актіні жүйеге жүктеуге және оны Тапсырыс берушінің бекітуіне жіберуге міндетті.

7.12. Монтаждау, жинау, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу және Тауарды пайдалануға қосу қажет болған жағдайда, Жеткізуші аталған жұмыстарды орындалған жұмыстар актісіне қол қою арқылы (Қосымша №6), Тауар қабылданғанға дейін орындауға міндеттенеді. Монтаждау, жинау, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу және Тауарды пайдалануға қосу Жеткізуші күшімен және қаржысы есебінен Тараптармен Шартта белгіленген мерзім ішінде жүзеге асырылады. Мұндайда Сатып алушы жеткізілген Тауар үшін төлемді жүзеге асыруға негіздеме ретінде Тауарды саны мен сапасы және жиынтығы бойынша қабылдау актісі саналады.

7.13. Тауардың тиісінше жеткізілмеуіне байланысты Тауарға қатысты наразылық болған жағдайда (саны және сапасы бойынша), жиынтығының толық болмауын, ақауын және т. б. қоса, бірақ шектемей, Сатып алушы Тауарды саны, сапасы және жиынтығы бойынша қабылдау актісіне және/немесе орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға және Тауардың Шарт талаптарына сәйкеспейтіндігі туралы тиісті актіні қосымша жалғай отырып, Жеткізушіге өз наразылығын жіберуге құқылы.

7.14. Наразылықты Сатып алушы Тауар жеткізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жіберуі тиіс. Жеткізуші Сатып алушы наразылығымен келіспеген жағдайда, Сатып алушы Тауар сапасына тексеру жүргізу үшін, Тауарға тиісті сараптама жүргізуге құқылы (оның ішінде, оның ішінде қиратушы сипат көзделген).

Егер сараптама қорытындысымен Тауардың Шарт талаптарына сәйкеспейтіндігі анықталса, онда Сатып алушы Жеткізушіге сараптама жіберілген Тауардың құнын қайтармайды, ал Жеткізуші сәйкеспейтін Тауарды алып кетуге міндеттенеді. Мұндайда Сатып алушы өз қалауы бойынша Жеткізушіден Тауарды тиісті сападағы Тауарға ауыстыруды талап етуге немесе Шарттың орындалуынан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы. Осылайша, Жеткізуші Сатып алушыға сараптама жүргізуге жұмсалған шығынның бәрін қайтарады.

7.15. Жеткізуші Сатып алушы келісімімен, Тауардың бүлінуі және/немесе ақауы анықталған жағдайда, олар анықталған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде сол Тауарды тегін ауыстырып беруге міндетті, ауыстырылған тауардың сапасы және басқа да техникалық сипаттамалары нашар болмауы тиіс және соңғы техникалық дайындамаларға сай болуы қажет.

7.16. Ақауы бар Тауарды ауыстыру тәртібі осы Шартта айтылған Тауарды жеткізу талаптарына сай жүзеге асырылады. Тауарды ауыстыруға қатысты барлық шығындарды Жеткізуші өтейді.





7.17. Жеткізуші тарапынан Тауардың жеткізілу мерзімі сақталмаған жағдайда, Сатып алушының Шарттың орындалуына қатысты қызығушылығы жойылады. Мұндайда Жеткізуші белгіленген жеткізу мерзімі аяқталған соң, Тауарды Сатып алушының жазбаша келісімінсіз ежткізуге құқысыз.

## 8. Кепілдіктер және Сапа

8.1. Жеткізуші кепілдік береді:

8.1.1. Тауардың жаңа және нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес дайындалғанына: (ГОСТ, СТ РК, ОСТ, ТУ, техникалық регламент және Шартқа Қосымшалар №1 және №2-де көрсетілгендер). Тауардың шығарылған күні Тауардың жеткізілу күніне дейінгі 12 айдан аспауына;

8.1.2. Жеткізуші жеткізген Тауар кепілге қойылмаған, тыйым салынбаған, еркін және өнеркәсіптік және/немесе басқа да интеллектуалды меншікке негізделген үшінші жақ тұлғаларының кез келген құқығы мен наразылығынан еркін болуына.

8.2. Жеткізуші Тауардың бүкіл көлеміне Тауар пайдаланылған сәттен бастап 12 ай ішінде, бірақ жеткізілген уақытынан 24 айдан аспайтын мерзімге кепілдік береді. Тауар Тараптар жұмыстардың орындалу актісіне қол қойған сәтінен бастап пайдалануға берілген болып саналады.

8.3. Кепілдік міндеттемелері шеңберінде Жеткізуші өз есебінен және тәуекелімен ақауы бар Тауарды немесе оның бүлінген жерін немесе ақауын жою талап етілетін бөлшектерін Сатып алушыдан кепілдік жағдайлардың орын алғаны туралы жазбаша хабарлама алған сәттен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде ауыстыруға міндеттенеді.

8.4. Тауар үшін кепілдік мерзім оның ауыстырылған сәтінен бастап есептеледі.

## 9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

9.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

9.2.1. Өнім беруші Шартта белгіленген жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізудің әр өткізіп алған күні үшін уақытында жеткізілмеген Тауарлардың бағасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% артық емес мөлшерде айыппұлды төлеуге міндетті;

9.2.2. Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ шарт сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақы төлейді.

9.2.3. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерден орындаудан бас тартқан немесе орындауы мүмкін болмаған болмаса Тауарды және оның бөлшектерін жеткізу бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Жеткізуші Сатып алушыға жеткізілмеген Тауар сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

9.2.4. Егер Жеткізуші бүлінуді, ақауды дер уақытында жоймаса, жөндемесе және/немесе ауыстырмаса және ақауы бар Тауардың орнына Шарттың 8.3 тармағында көрсетілген мерзімде басқа Тауарды жеткізбесе, Жеткізуші Сатып алушыға мерзімі өткен әр күн үшін, ақауы бар Тауар құнының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлеуге міндетті. Егер жеткізілу мерзімі Шарттың 8.3 тармағында көрсетілген мерзіммен 30 күнтізбелік күннен артық уақытқа кешіктірілсе, Жеткізуші Сатып алушыға ақауы бар тауар құнының 15% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

9.2.5. Жеткізуші тарапынан монтаждау, жинау, қондыру, іске қосу-жөндеу және т.б. бойынша міндеттемелер орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған жағдайда (егер мұндай Шарт талаптарымен көзделген болса), Жеткізуші Сатып алушыға Шарттың жалпы сомасының 15% мөлшерінде айыппұл төлейді.

9.2.6. Шарттың 7.2 тармағының талаптары орындалмаған жағдайда, Тауардың жөнелтілгені туралы Жеткізуші тарапынан хабарламаның жіберілу уақытының бұзылуы салдарынан, вагон(дар)дың тұрып қалу және кешігуі және жүкті алу кезінде құжаттардың дер уақытында ресімделмеуі орын алған жағдайда, Жеткізуші Сатып алушыға Сатып алушы тарапынан ұсынылған айыппұл сомасынан екі есе көп мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

9.2.7. Сатып алушы тарапынан Жеткізушімен Шарт талаптарының орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін, Шартты біржақты тәртіппен бұзу кезінде, Жеткізуші Сатып алушыға Шарттың 9.2.3 тармағымен көзделген айыппұлды төлеуге міндетті.

9.2.8. 9.2.1, 9.2.3 және 9.3 тармақтарда көрсетілген тұрақсыздық ақысынан бөлек Жеткізуші Сатып алушыға шығынды қайтарады, алынбай қалған пайданы, көрсетілген тұрақсыздық ақысынан тыс толық мөлшерде.

9.3. Тауардың жеткізілу мерзімінің кешіктірілгені үшін өсімақы есебі Тауардың толық ілеспе құжаттар пакетімен бірге Шарт талаптарына сай жеткізілген күні бойынша жүргізіледі.

9.4. Егер Жеткізуші Холдинг тауар өндірушілерінің реестрінде тұрған сатып алынатын тауардың өндірушісі болса, онда тауардың дер уақытында жеткізілмегені болмаса жеткізуден бас тартқаны үшін салынатын айыппұлдың (өсімақы) жалпы мөлшері Шарттың жалпы сомасының 10% артық болмауы тиіс.

9.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:





9.5.1. Шарт бойынша жүргізілетін төлем себепсіз кешіктірілген жағдайда (оның ішінде аванстық төлемдер), Тапсырысшы әрбір кешіктірілген күнтізбелік күні үшін, Жеткізушіге бережақ сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлейді, бірақ орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

9.5.2. Тауарды дер уақытында қабылдамаған жағдайда Сатып алушы Жеткізушіге уақытында қабылданбаған тауардың әр күні үшін 0,1% мөлшерінде өсімақы төлейді, бірақ ол уақытында қабылданбаған Тауар сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

9.5.3. Жеткізушімен төленген, Шарттың орындалуын қамтудың қайтарылуы себепсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырысшы Жеткізушіге мерзімі өткен әр күнтізбелік күн үшін, Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлеуі тиіс, бірақ орындалмаған міндеттемелер сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

9.5.4. Тапсырысшы тарапынан Тауарды қабылдау себепсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырысшы Жеткізушіге әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, кешіктірілген күн сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлейді, бірақ орындалмаған міндеттемелер сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

9.5.5. Тапсырысшы тарапынан қабылдау-тапсыру актісіне қол қою себепсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырысшы әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, кешіктірілу сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлейді, бірақ орындалмаған міндеттемелер сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

9.5.6. Орындаушы Шарттан себепсіз бас тартқан жағдайда, Шарттың 10 және 13 тарауларымен көзделген жағдайлардан басқа, Тапсырысшы Жеткізушіге Тапсырысшы кінәсінен жеткізілмеген Тауар бағасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

9.6. Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін негізсіз бұзған жағдайда Тапсырыс беруші обелгіленген тәртіппен Холдингтің Сенімсіз Өнім берушілерінің тізіліміне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін Қордың Сатып алу жөніндегі Операторына ақпаратты жібереді.

9.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.8. Айыппұл, өсімақы төлемдерін Жеткізуші Сатып алушыдан есеппен бірге тиісті хабарлама алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізеді (мұндайда төлем жүргізу үшін негіздеме болып есеп саналады).

9.9. Жеткізушіге өсімақы және/немесе айыппұл төлеу үшін, сондай-ақ жауапкершілікпен сақтау шығындары үшін, Сатып алушыдан берілетін төлем талаптарына жеткізілген Тауарға төлем жүргізу, өсімақы және/немесе айыппұл төлемдерін және жауапкершілікпен сақтау шығындарын төлеу бойынша қарсы бірыңғай талаптар есебін жүргізу мақсатындағы өзара есептерді салыстыру актісінің қосылуына Жеткізуші келісім береді.

9.10. Жеткізуші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің Жеткізушімен орындалмағаны және/немесе тиісінше орындалмағаны, сондай-ақ шығындарды өтеу мен осы Шарт және Сатып алушы мен Жеткізуші арасында жасалған басқа шарттар бойынша төленуі тиіс алынбаған пайда сомасынан Сатып алушыға тиесілі тұрақсыздық ақысының сомасын Сатып алушының ұстап қалуына өз келісімін береді.

#### **10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі**

10.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

10.2. Жобаға немесе сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртібінің тиісті тармағында (тармақтарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты енгізуге жол берілмейді.

10.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

10.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағында көзделген;

10.3.2. Өнім беруші өз міндеттерін бұзған жағдайда;

10.3.3. Тауарларды сатып алудың орынды еместігіне байланысты:

10.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

10.3.3.2. Алқалы атқарушы органның/Байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (Алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда).

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді негізді жөнсіздікке байланысты Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарды өтеген жағдайда жол беріледі.

10.3.4. Жеткізуші банкрот, төлем жүргізуге қабілетсіз деп жарияланған жағдайда, сондай-ақ рұқсат етуші құжаттарының (лицензиялар), Жеткізушіні Тауар жеткізуді жүзеге асыру құқығынан айыратын басқа да құжаттарының күші жойылғанда. Мұндай жағдайларда Шарт дереу бұзылады.

10.3.5. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

10.4. Шартқа енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар қосымша келісім түрінде жазбаша ресімделіп, Тараптардың соған уәкілетті





өкілдерінің қолдары қойылады. Жобаға болмаса сатып алулар туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алулар талаптарының мазмұнын өзгертетін өзгертулер және/немесе Тәртіптің тиісті тармақтарымен көзделмеген өзге негіздемелер бойынша Жеткізушіні таңдауға негіз болатындай ұсыныстар енгізуге жол берілмейді.

10.5. Шартты орындаудан Тапсырысшы біржақты тәртіппен бас тартқан кезде. Тапсырысшы Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейінгі 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттың бұзылу себебі көрсетілуі, жойылатын шарт міндеттемелерінің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Шартты бұзу кезінде жоғарыда көрсетілген жағдарларға сай, Жеткізуші Шарттың орындалуымен байланысты тек нақты жұмсалған шығындар төлемін бұзылатын күнге дейін ғана талап етуге құқылы. Жеткізуші Тауарды Шарттың бұзылатыны туралы жазбаша хабарлама алған соң жөнелткен жағдайда, Тауарды Тапсырысшы қабылдамайды, және төлем жүргізбейді.

10.6. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасаған шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді.

Мұндай жағдайда келісім-шартты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Шартты бұзу күніне қарай нақты шығындарды өтеу шартымен Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзуға болады.

### **11. Хабарламалар**

11.1. Кез келген хат-хабар, құлақтандыру, есеп берулер, сұрау салулар, талап етулер, бекітулер, келісулер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарлаулар осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша түрде орындалуы тиіс, күні бұрын берілуі және қолма қол немесе почта хабарламасы арқылы тапсырыс хаты түрінде, факспен немесе электронды почта арқылы беріліп, түпнұсқасы факс/электронды нұсқасын алғаннан кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде жеткізілуі тиіс. Осы Шарт бойынша кез келген хат алмасу Шарттың 19 тарауында көрсетілген деректемелер бойынша жіберіледі.

11.2. Тапсырысты почта, курьерлік почта, телеграмма немесе факс арқылы жіберілетін кез келген хабарлама (одан бұрын алынған растаушы болмаған кезде) берілу кезінде алғаны туралы белгі қою арқылы жеткізілген болып саналады.

### **12. Шарттың мерзімі**

12.1. Осы Шарт Тараптардың қолдары қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Шарт бойынша Тараптармен өз міндеттемелері толықтай орындалғанға дейін әрекет етеді.

### **13. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)**

13.1. Егер бұл дүлей күш жағдайларының салдары болып табылатын болса (су тасқыны, жер сілкіну және басқа да апатты оқиғалар, эмбарго, соғыс немесе әскери әрекеттер, диверсия, терроризм, жұмыстың орындалуына кедергі келтіретін немесе тыйым салатын мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің күші енуі), ол жағдайлар тараптар еркінен тыс болып, тараптардың өз міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермесе, тараптар осы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толықтай немесе жартылай орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады.

13.2. Кез келген Тарап дүлей күш жағдайы туындаған кезде, осындай жағдай орын алған күннен бастапқы 5 күн ішінде екінші Тарапқа жағдайдың орын алғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Мұндай жағдайлар Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарымен расталуы тиіс.

13.3. Келісім-шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы уақытқа сәйкес дүлей күш жағдайы әрекет еткен уақытқа дейін, сондай-ақ сол жағдаймен орын алған салдары жойылғанға дейін ұзартылады.

13.4. Осы Келісім-шарттың 13.2. тармағында айтылғандай тәртіппен дер уақытында немесе мүлде хабарланбауы, Тарапты өз міндетін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын кез келген жоғарыда айтылған жағдайға сүйену құқығынан айырады.

13.5. Егер Тараптардың өз міндеттерін толықтай немесе жартылай орындау мүмкіндігінен айырылу мерзімі 2 (екі) айдан асып кетсе, онда Тараптар осы Келісім-шартты бұзу және өзара есепайырысу құқығын иеленеді.

### **14. Дауларды шешу тәртібі**

14.1. Тараптар арасында осы Шартқа қатысты туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктердің бәрі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

14.2. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Атырау облыстық Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотпен шешіледі.

### **15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету**

15.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, оның ішінде Тараптардың осы Шарт бойынша әрекет етуші барлық үлестес жеке және заңды тұлғалары (бұдан әрі олардың әрқайсысы "үлестес тұлға" деп аталады), Тараптардың иелерін, директорларын, лауазымды тұлғаларын, жұмыскерлері мен агенттерін шектеусіз қоса алғанда, қандай да бір құқыққа қайшы артықшылықтарды немесе өзге де құқыққа қайшы мақсаттарды орындау барысында осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін, кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде төлем төлеуді ұсынбайды және қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды беруге рұқсат етпейді.





15.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды

15.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

15.4. Тараптардың әрқайсысы осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптары іс жүзінде немесе ықтимал бұзылған жағдайда адал көмек көрсетуге және жәрдем көрсетуге міндеттенеді, оның ішінде өз иелеріне, директорларына, лауазымды адамдарына және өзге де үлестес тұлғаларына сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап ол туралы ақпаратты Тапсырысшының ресми веб-сайтында орналастырылған Тапсырысшының "Жедел желісіне" хабарлама жіберу арқылы екінші Тарапты хабардар етуге міндеттенеді.

15.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

15.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі процедуралардың жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін күш-жігерін орынды жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі процедураларды іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.7. Жеткізуші төмендегі ескертпелердің кепілдіктерін сақтайды:

- мемлекетке байланысты тұлға және (бар/жоқ) оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей немесе жанама иелері болып табылатын саяси маңызы бар тұлғалар (болып табылады/болып табылмайды). Жеткізуші қандай да бір саяси маңызы бар тұлға Жеткізушінің лауазымды адамы немесе қызметкері болған не Жеткізушінің тікелей немесе жанама қатысу үлесін алған барлық жағдайлар туралы Тапсырысшыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді;

- қандай да бір заңсыз мақсатта емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және қаржыландырудың тек заңды көздері ғана бар:

- Жеткізуші мен оның Үлестес тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылған. Егер Жеткізуші немесе оның қандай да бір үлестес тұлғалары осындай құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталса немесе кінәлі деп танылса, Жеткізуші Тапсырысшыны жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді

- Жеткізуші "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ (ҚМГ) Іскерлік этика кодексімен және Тапсырысшының ресми веб-сайтындағы Тапсырысшының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын растайды. Жеткізуші ҚМГ Іскерлік этика кодексін және Тапсырысшының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетіндігін куәландырады.

## 16. Құпиялылық

16.1. Осы Шартқа қол қою арқылы Тараптар осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия емес және жүйеде және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының басқа ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғаларға қолжетімді екендігімен келіседі.

Тараптар осы Шартқа сәйкес берген және/немесе қолданған басқа құжаттар мен ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың тақырыбына қатысты мәселелерді олардың іс жүзінде шешілу мүдделері үшін сотта қаралатын істерге қолданылмайды немесе егер мұндай ашып көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың сұранысы бойынша жүзеге асырылады.

16.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде деректемелер мен төлем деректемелері туралы ақпаратты қоса алғанда, онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін банктің контрагенттерін деректерді берудің қауіпсіз каналы арқылы байланыс арналарының қажетті хаттамаларын қолдана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ





ақпараттық-талдамалық жүйесіне жіберу арқылы жария етуге құқылы екеніне келіседі.

### 17. Зияткерлік меншік

17.1. Сатып алушының Жеткізушіге берген сызбалары, құжаттар, деректер мен ақпараттары Сатып алушы меншігі болып саналады. Оларды үшінші жақ тұлғаларына беруге немесе Сатып алушыдан жазбаша түрде алдын ала алынған рұқсатсыз, қандай да бір басқа мақсаттарға пайдалануға тыйым салынады. Осылайша, Жеткізуші оларды Шарт орындалып болған соң да пайдаланбауға міндеттенеді.

17.2. Шарттың орындалуы шеңберінде Жеткізуші тарапынан берілген, бағдарламалық қамту жөніндегі тиісті құжаттарды қоса, сызбалар мен құжаттарды Сатып алушыға пайдалану құқығы беріледі.

17.3. Егер Жеткізуші жеткізетін Тауар болмаса Тауардың бөлігі авторлық құқық нысаны болмаса зияткерлік меншік нысаны болмаса үшінші жақтың өнеркәсіптік меншігі болса, Жеткізуші оларды одан әрі Сатып алушыға беруі үшін, жоғарыда көрсетілген нысандарға барлық құқықты және қорғалу құжаттарын қысқа мерзім ішінде үшінші жақ тұлғаларынан алу үшін, барлық тиісті әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс. Сондықтан Жеткізуші осы арқылы жариялайды, өзінің нақты иесі, лицензиаты, иеленушісі және/немесе авторлық құқық нысанының немесе жеткізілетін Тауарға немесе оның қандай да бір бөлшегіне қатысты кез келген өнеркәсіптік, зияткерлік меншіктің, сондай-ақ үшінші жақ тұлғаның меншігі болып табылатын ақпараттың және/немесе Тауар немесе жабдыкқа, өнімге және/немесе Шартты орындауға арналған құралға бағытталған техникалық ноу-хаудың уәкілетті пайдаланушысы екенін (болатынын). Жеткізуші осы арқылы Сатып алушыға Шартқа сәйкес Тауарды иелену, пайдалану және/немесе билеу үшін қажетті болып табылатын құқықты, әлемнің кез келген нүктесінде пайдалануға берілетін, қайтарып алынбайтын және эксклюзивті емес, бажсыз лицензияны береді. Егер Тауар ойлап табылған, пайдалы модель немесе өнеркәсіптік үлгіде болса, Жеткізуші осы арқылы Сатып алушымен арада лицензиялау келісімін жасауға, және Сатып алушыға қайтарып алынбайтын, эксклюзивті емес, әлемнің кез келген нүктесінде әрекет ететін, бажсыз лицензияны беруге, Қазақстанда тіркелген осындау лицензияланған келісімді алу мақсатында Сатып алушымен қажеттілігіне қарай серіктес болуға өз келісімін береді.

17.4. Жеткізуші Шарттың 17.3 тармағымен көзделген барлық әрекеттер үшін жауапты болады, Сатып алушыны жауапкершіліктен босатады, оны қорғайды, Сатып алушының да, үшінші жақтың да шығындарын өтейді, Сатып алушының Жеткізуші тарапынан өнеркәсіптік және/немесе зияткерлік меншік, Тауардың жеткізілуімен байланысты туындайтын авторлық құқық нысандары құқығының бұзылуымен немесе бұзылуының мүмкіндігіне орай туындайтын барлық әрекеттермен, наразылықтар, таоаптар, шығындар және міндеттемелермен байланысты жауапкершілікке тартылмауын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Сатып алушыға кез келген патенттік құқық, авторлық құқық, сауда маркасы немесе қандай да бір өнеркәсіптік немесе зияткерлік меншік және авторлық құқықтың бұзылуымен байланысты берілген наразылықтар бойынша барлық шығындарды қайтаруға міндетті.

17.5. Авторлық құқық нысанына болмаса зияткерлік меншік нысанына немесе өнеркәсіп меншігі нысанына қатысты үшінші жақтың заңды құқықтары бұзылған жағдайда, Жеткізуші міндетті:

- үшінші жақтан Сатып алушының Тауарды одан әрі пайдалану құқығын алуға;
- сатып алушы келісімімен жоғарыда көрсетілген құқықтарды сақтай отырып, Тауардың жаңадан жеткізілуін жүзеге асыруға.

### 18. Санкциялық ескертпе

18.1. Тараптар осы Шартты Жеткізуші кепілдемесі негізінде және Жеткізуші өз бизнесін Экономикалық санкциялар туралы заңнамаға сәйкес және оны бұзбай жүргізді, жүргізіп келеді және жүргізе береді дегенге адал ниетпен сене отырып жасасады, және осы Келісім жасасқан күні Жеткізуші АҚШ-тың Қаржы министрлігінің шетелдік активтерін бақылау жөніндегі басқармамен (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) болмаса кез келген өзге орган, департамент немесе АҚШ үкіметінің агенттігімен, Біріккен Ұлттар Ұйымымен, Ұлыбритания, Еуропалық одақ немесе кез келген Еуропалық одақ мүшесі-мемлекетпен әкімшіліктендірілетін кез келген экономикалық немесе қаржылық санкциялар түсіндірілетін, Экономикалық санкциялар туралы заңнаманың сақталуына және ниеттенуіне бағытталған саясат пен процедураларды имплементациялады және қолдады. Жеткізуші кепілдік береді және қамтамасыз етуге міндеттенеді:

- (а) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да, Жеткізушінің барлық акционерлері де Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List - арнайы бөлінген және бұғатталған жеке тұлғалар тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions - корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір болмаса бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізімі санкциялар тізіміне кірмейді;
- (б) Шартты жасау және/немесе оның Жеткізушімен орындалуы осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санциялардың бұзылуына соқтырмайды;
- (с) Жеткізуші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болатын күні және осы Шартқа сәйкес оны іс жүзінде орындау күніне дейін – осы Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын Жеткізушінің шоттары, оның ішінде меншікті және





корреспонденттік шоттар оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын, ЕО қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген банктерде немесе қаржы мекемелерінде болады (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі Басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the office of Financial sanctions Implementations in the UK), және (немесе) SDN тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (Foreign Financial Institutions list of Foreign Financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (non-SDN Menu-Based sanctions List) Мемлекеттік қаржының ашықтығы;

(d) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер Экономикалық санкциялармен тыйым салынған немесе кез келген тұлғамен арадағы мұндай мәмлелер Экономикалық санкцияны бұзады немесе Санкцияланған тұлғалар пайдасына пайдаланылады немесе трактатталады деген кез келген тұлғамен немесе ұйыммен мәміле жасауға тартылмаған немесе ешқандай мәмілеге тартылмайды; немесе

(e) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер кез келген келісім, мәміле, уағдаластықты немесе санкция салынған тұлғалармен қарым қатынасты немесе сондай тұлғалардың пайдасы үшін (кез келген жылжымайтын мүлікті қоса), болмаса Санкцияланған территорияда немесе Иран мұнайын, мұнай немесе мұнай химия өнімдерінің қатысуымен мәмілені қаржыландырмайды немесе жеңілдетпейді; немесе

(f) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер кез келген басқа да жолмен Экономикалық санкцияның бұзылуына әкелмеуі немесе Экономикалық санкцияның бұзылуына ықпал ететін (Қормен) немесе кез келген үшінші тұлғалармен ықпал етпеуі тиіс;

(g) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер мемлекет территориясы деген ұғымдағы, Экономикалық санкция таратылатын Санкцияланған территорияға орналаспайды, егер Санкциялық территорияда орналасуы Экономикалық санкцияның бұзылуына соқтырса немесе соқтыруы мүмкін болса;

(h) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер Экономикалық санкцияға байланысты бұғатталған немесе тыйым салынған немесе Экономикалық санкцияның бұзылуына соқтыратын немесе соқтыруы мүмкін мүлікке мүдделі және үлестес болмайды немесе мүлікке тартылмайды;

(i) осы Шартқа Жеткізушінің атынан қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions-корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non-SDN Menu – Based Sanctions List-SDN-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы әкімшілендіретін (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізімі.

(j) Жеткізуші міндеттенеді:

18.2. Егер Жеткізушінің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл емес болып шықса, болмаса Шарттың осы тарауының 18.1 тармағында көрсетілгеннен не болса да Жеткізуші тарапынан қамтылмайтын болса, Контрагент екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Жеткізушінің осындай кепілдігінің салдарынан немесе анық еместігіне немесе дәл еместігіне байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды, Шарттың осы тарауының 18.1 тармағымен көзделген Жеткізуші міндеттемелерінің бұзылуынан болған шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы

18.3. Егер шарт жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа санкциялық акт қабылданған немесе қандай да бір қолданыстағы санкциялық актіге өзгерістер енгізілетін немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесі немесе шешімінің күшіне сәйкес қолданыстағы санкциялық актінің ("Жаңа санкциялар") қолданылу аясы кеңейтілетін немесе өзгеше түрде өзгертін жағдайда және осындай Жаңа Санкциялар:

(a) дұрыс және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейді немесе елеулі түрде қиындата алады; және (немесе)

(b) мұндай Тарап үшін қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама залалдарға ұзақ мерзімді қол жеткізу мүмкіндігін (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) туындатқан немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе)

(c) өнім беруді/қызметтер көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкеп соғуы мүмкін





(d) тараптардың қайсыбірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған Тараптардың қайсыбірінің міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады, оларды сақтау мүмкін емес немесе жаңа санкциялармен елеулі түрде қиындық туғызады; және (немесе)

(e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқты немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған осындай төмендеу ықтималдығы бар, (бірге – «Жаңа санкциялар салдары»),

екінші Тарап ол жөнінде екінші Тарапқа Жаңа санкциялар қабылданған сәттен бастап 5 (бес) күн ішінде ресми растаушы құжаттар қосымшаларымен және осы санкциялардың оларға ықпалы туралы дереу хабарлауға міндеттенеді (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады).

18.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей, Тараптар осы Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына жаңа санкциялардың әлеуетті әсеріне қатысты өз позицияларын әділ талқылау және келісу үшін, сондай-ақ жаңа санкциялардың теріс әсерін болдырмау немесе төмендету бойынша мүмкін заңды және қолайлы іс-шаралар туралы кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді, осы Шартқа өзгерістер енгізуді, құзыретті мемлекеттік органнан тиісті юрисдикцияның рұқсаттарын/лицензиялар алуды ("Әділ келіссөздер") қоса.

18.5. Тараптар жүргізілген әділ келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды 5 (бес) күн ішінде не олар келіскен өзге де мерзім ішінде іске асыру үшін ақолайлы күш-жігер жұмсайды, жаңа санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануды болдырмауға мүмкіндік беретін іс-шаралар жүзеге асырылуы мүмкін.

18.6. Тараптар әділ келіссөздердің бірінші күні өткізілген 5 (бесуеден) соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта жаңа санкциялардың салдарына әкеп соққан жаңа санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты туындаған Тарапқа ("Тыйым салынған Тарап") келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама ("Келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама") жіберуге құқығы бар.). Келісімге қол жеткізбеуі туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда, Тараптар Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

18.7. Жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, Тараптар келіседі, егер осы Шарт бойынша кез келген төлем АҚШ долларымен жүргізілсе, болмаса (валютаны көрсету) Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе, Тараптардың өзара келісімі бойынша, басқаша айтқанда Жаңа санкцияларға сай болмаса, 18.8 бап ережелері артықшылықты тәртіппен Тараптар пікірі бойынша баламалы валютамен төлем жүргізу арқылы Жаңа Санкция салдарын болдырмауға мүмкіндік беретін болса, және мұндайда 18.5 және 18.6 тармақтарының ережелері қолданылмайтын болса.

18.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не басқа валюта жүзеге асыру Жеткізуші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгеше түрде орынсыз болатынын растайды және келіседі, Тапсырыс беруші бұл туралы хабарлауға міндеттенеді. Жеткізушінің бұл туралы жазбаша түрде және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны жазбаша түрде бірлесіп келіседі, ("Баламалы валюта") және осындай төлемді алушы Тараптың банк шотының деректемелері, тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және қолайлы жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

18.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуге тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 18.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), Тараптар мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларындағы есеп айырысуларды жүзеге асыру мақсаттары үшін, осы сомалардың Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің төлем жүргізілетін күнгі курсы немесе есебі бойынша АҚШ долларымен есептеуге келіседі (төлем немесе есеп айырысу бекітілген күн) немесе егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің интернет сайтында ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) тиісті валюталардың бағамдары туралы, бағамы бойынша басқа елдің ұлттық банкі көрсету, күніне қатысты (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) ақпаратты жарияламайды.

18.10. Шарттың жалпы қолданылу мерзіміне қарамастан, Шарттың санкциялық міндеттемелер бөлігіндегі қолданылуы шартты бұзғаннан, бас тартқаннан, жарамсыз деп танығаннан, қолданылу мерзімі өткеннен немесе тұтастай бұзылғаннан кейін толық күшінде қалады.

## 19. Басқа шарттар

19.1. Шарт электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде жасалды және Жүйе арқылы «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ-ның электронды сатып алу порталында <https://zakup.sk.kz/> Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қағаз жүзінде қол қойылған Шартқа тең келетін заңды күші бар, электронды цифрлық қол қою арқылы жасалды.

Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі нұсқасы басымдылыққа ие болады.

19.2. Осы Шартқа қатысты барлық қосымшалар, өзгертулер мен толықтырулар олар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Шарттың 16.1 тармағының талаптарына сәйкес электронды қол қою арқылы жасалуы кезінде, оның ажырамас бөлігі болып табылады.

19.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі. Шарт талаптарын орындау кезінде Тараптар





Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

19.4. Шарттың және оның қосымшаларының мәтінін талқылау кезінде қандай да келіспеушіліктер, ауытқулар болған жағдайда, Шарт мәтініне басымдылық беріледі.

19.5. Тараптар Шартпен көзделген өз құқықтары мен міндеттерін Тараптардың заңды мұрагерлерінен басқа, үшінші жақ тұлғаларына беруге құқысыз.

19.6. Қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады:

19.6.1. Қосымша №1 «Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тізімі»;

19.6.2. Қосымша №2 «Техникалық сипаттама»;

19.6.3. Қосымша №3 «Тауарларды жеткізуге қатысты шарттағы жергілікті қамту үлесі есебінің формасы»;

19.6.4. Қосымша №4 «Тауарды қабылдау-тапсыру Актісінің формасы»;

19.6.5. Қосымша №5 «Жауапкершілікпен сақтау қызметтерін көрсетуге белгіленген тарифтер»;

19.6.6. Қосымша №6 «Орындалған жұмыстар Актісінің формасы».

19.7. Электрондық пошта "Петропавловский завод тяжелого машиностроения" АҚ - pztm@pztm.kz

## 20. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Ембімұнайгаз" АҚ

Атырау облысы, Атырау Қ.Ә., Валиханова, 1

БСН 120240021112

БСК HSBKКZKX

ЖСК KZ876010141000156926

АО "Народный Банк Казахстана"

Тел.: +7 (712) 299-3163

Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары Жылқайдаров Максат Оркенұлы

АҚ "Петропавловский завод тяжелого машиностроения"

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл Қ.Ә., Петропавл қ.,

Я. Гашек қысқа көшесі, 1

БСН 931240000210

БСК КСJBKZKX

ЖСК KZ688562203129814918

"Банк ЦентрКредит" АҚ

Тел.: +7 (715) 263-0300

Бас директор Кулмагамбетов Арман Сансызбаевич

01.07.2023 12:01:21

01.07.2023 17:31:10







№1 қосымша

№864478/2023/1 от 01.07.2023 жылғы келісім-шарт үшін

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізімі

ЖП тармағының №	Атауы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	Бірлік бағасы	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
1822-1 Т	Автомобиль, мамандандырылған, бұрғылау қондырғысы, бұрғылау тереңдігі 2000 м-ден аспайды	-	8.000	8.000	Дана	149 687 101	Иә	1 341 196 424.96	КАЗАХСТАН, Атырауская область, г. Атырау, ст. Тендық, УПТОиКО	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.12.2023 дейін.	Алдын ала төлем - 30%, Аралық төлем - 60%, Соңғы төлем - 10%





## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

864478 сатып алу бойынша  
Төмендеу бойынша ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (1822-1 Т, 3229748)

Тапсырыс беруші: "Ембімұнайгаз" АҚ

Жеткізуші: АҚ "Петропавловский завод тяжелого машиностроения"

### 1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	Мәні
Жол нөмірі	1822-1 Т
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Автомобиль, мамандандырылған, бұрғылау қондырғысы, бұрғылау тереңдігі 2000 м-ден аспайды
Қосымша сипаттама	-
Саны	8.000
Өлшем бірлігі	Дана
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г.Атырау, ст.Тендык, УПТОиКО
Жеткізу шарттары	DDP
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.12.2023 дейін.
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 30%, Аралық төлем - 60%, Соңғы төлем - 10%

### 2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Жоғары өтімді автомобиль шассііне орнатылған көтергіш қондырғы.Мақсаты-мұнай және газ ұңғымаларын ағымдағы және күрделі жөндеу;Орындалатын операциялар-ұңғымадан ұңғымаға жылжымалы қозғалыс;Түсіру-көтеру операциялары, оның ішінде сорғы штангаларымен жәнесорғы-компрессорлық құбырлармен; аварияларды жою;Қондырғы -40 0С-дан +45 0С-қа дейінгі қоршағанауа температурасындапайдалануға және гаражсыз сақтауға есептелуі тиіс;Қондырғының монтаждау-көліктік базасы:Өтімділігі жоғары 6х6 формулалы дара доңғалақты, қозғалтқышты алдын алақызырғышы бар автомобиль.Қозғалтқыш - турبوурлегіші бар дизельді, қуаты, кВт (а. к.), кемінде-167,5 (228);Көліктік жағдайдағы салмағы, кг, артық емес - 21 000;Экологиялық стандарт-ЕВРО-5Беріліс қорабы-механикалық;Кабинадағы кондиционер;Жанармай бағы, артық емес, дана-1, көлемі кемінде, литр - 200;Көлік жағдайындағы агрегаттың толық салмағы, кг, артық емес - 21 800;Көліктік жағдайдағы қондырғының габариттік өлшемдері, мм, артық емесҰхЕхБ – 10 600х2 550х4 000;Жүктеме толық: - алдыңғы оське, кг, артық емес-6 000;- артқы арбаның осіне, кг, артық емес - 15 900;Көтергіштің көлік жағдайында ішкі жану қозғалтқышына қызмет көрсетудекінде кедергісіз қол жетімділік болуы керек.Машинист кабинасы:Жылытылған; Оператор кабинасын жылыту - электр жарылыстан қорғалған жылытқыш жәнеқосымша ішкі жану қозғалтқышын салқындату жүйесінен;Электр жылытқыштың қуаты-220 В, 50 электр энергиясының сыртқы көзінен;Жылытқыштардың орналасуы- машинист орындығының артқы жағында жәнеалдыңғы әйнектің төменгі жағында орналасқан.Машинистің орындықтары-орташа биіктікте, бас тірегі бар;Шыны тазалағыш, күшейтілген жетегі бар-алдыңғы әйнек және жоғарғы әйнек;Газды басқару педальіның, іліністің, рычагтардың шығу орындары тығызтығыздалуы тиіс, Машинистің пульті, басқару модулі 150;Кондиционер;Техникалық сипаттамалары:Ілгектегі рұқсат етілген жүктеме, тк, - 40;Ілгектегі ең жоғары рұқсат етілген жүктеме, тк, -50;Кронблок осіне дейінгі биіктігі, м, кемінде – 18;Ілмек блогының құрылмасы таль арқанының секіруінен роликтердің үстіндегісаусақтар қарастырылған;Негізгі лебедка-бір барабанды;Жетек шассидің тартқыш қозғалтқышынан ;Тежегіш- таспалы-қалып;Лебедкатежегішін басқару-аяқпен пневматикалық және қолмен механикалық;Ілгектің қозғалу жылдамдығы, max / min, м / с-1,42/ 0,22;Лебедка диафрагмасын бөлшектемей тез ауыстыру мүмкіндігі;Көтергіш платформасының төсемінде машинист кабинасынан көтергіштіңжүрісі бойынша сол жақтағы артқы тірекке дейін жиналмалы алаңды көздеу;Көмекші лебедка:Жетек түрі-гидравликалық;Арқанның диаметрі, кем емес, мм-12; Ілгектің қозғалу жылдамдығы, м / с-0...0,023;Түсіру-көтеру операцияларын басқару-агрегат платформасындағы кабинаданэлектронпневматикалық және қолмен механикалық;Ллулі домкраттар:Алдыңғы механикалық, бұрандалы, дана-2; Артқы гидравликалық, екі жақты әрекет, дана-2;Аралық гидравликалық, екі жақты әрекет, дана. -2;Артқы және аралық домкраттардың конструкциясы іргетас арқалықсызпайдалану;Артқы және аралық ілу домкраттарының кіші тіректері көлік жағдайындабөлшектемей орнатылуы тиіс;Таль жүйесі:Жарақ - 3х4;Таль арқанының диаметрі, мм - 22;Төрт жел тартқышыарқанның диаметрі 14 мм. - 35 м. (барлығы – 140 м.);Бұрандалар (бұранда М30х4) роликпен Ø120 ММ.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе



арқанның астында Ø14 ММ. — 4 дана.;Қысқыштар-12 дана.;Коуши-8 дана.;Шынжыр 2-19x102-4 дана.Электр жабдықтары:  
Кернеу – 24В;Құрылғының жұмыс жүйелерін қуаттандыру-автомобильдің электр желісінен;Дінгек:Мұнара екі секциялы  
телескопиялық тікбұрышты алдыңғы беті ашық;Жұмыс орнына көтерілу-2 гидравликалық домкраттар;Жоғарғы секцияны  
көтеру-арқанмен, гидравликалық жетегі бар лебедкамен;Гидравликалық кілттің аспасы дінгектің 1-ші бөліміне  
орнатылған;Кілттер ілінетін блоктың жүк көтергіштігі, кг, кемінде-600;Кілттер ілінетін арқанның диаметрі, мм – 12;  
Дінгектің жоғарғы бөлігін көтеру дабылы-қашықтан басқару пультіндегісигнал шамы және құрылғының дыбыстық  
сигналы;Мұнараны жұмыс күйінде бекіту-якорьсіз бекітуге арналған құрылғы жәнесыртқы якорьге бекітуге  
арналған жүйесі.Дінгекті орнатуды басқару - гидравликалық, - қолмен басқару органыныңпультінен және дінгекті  
көтерудің қашықтықтан пультінен ;Мұнараны көтерудіқашықтан басқару пультінің кабелінің ұзындығы, м,кемінде - 20;  
Дінгекті, қондырғы жабдығын және жұмыс орындарын жарықтандыру,(жарықтандыру: ротор, кемінде лк - 100, лебедка,  
кемінде лк - 75, Тальблогы, кемінде лк - 30, қабылдау көпірлері, кемінде лк - 10);Жарылыстан қорғалған, в - 24 кернеуімен  
автомобильдің борттықжарықдиодты шамдар;Лебедка жетегін ажыратуға және жүктеме асып кеткен кезде  
лебедкажегішін қосуға арналған жүк көтергіштігін шектегіш;Қарсы сүйреуіш (крюкоблотқы көтеруді шектегіш) -  
дыбыстықсигналы барэлектронпневматикалық;Салмақ индикаторы (Ұңғымаларды бұрғылау және жөндеу  
параметрлерінбақылау жүйесі) - цифрлық байланыс желісімен қосылған аспаптар кешені.Индикатордың негізгі  
жиынтығының құрамы:- басқару модулі -150, (басқару модулі-150С 4П);- жүктеме сенсоры - 130;- индикация модулі -  
140С,- дыбыстық дабыл құрылғысы (сирена);- түйме станциясы;- тұрақтандырылған қуат көзі;Индикатор Модулінің  
қосымша" верньер " шкаласында жүктемені көрсету;- индикация модулі-140С (байланыс кабелі, м, кемінде - 15);-  
жүктеме датчигі-130 (байланыс кабелі, м, кемінде - 15);- қысым түрлендіргіші-140д (байланыс кабелі, м, кемінде - 35);-  
қуат блогы, в-220/24 басқару модуліне дейінгі қуат кабелімен -150кемінде 35 м.;Лебедканы құлыптау кабелі.-  
белгіленгенпараметрлерден асқан кезде дыбыстық сигнал беру;- жүктеменің белгіленген мәндерінен асқан кезде басқару  
сигналын беру;Терминал конфигурациясы барлық аналогтық кірістерден деректерді жіберугемүмкіндік беруі керек;  
Қосымша жабдықтар:- Гидравликалық кілт;- Кілт сыртқы диаметрлері бар, мм-лерді жылдам, қауіпсіз, дәл бұрап,бұрап  
алуға арналған- 48, 60, 73, 89, 95, 108, 114;Климаттың орындалу түрі-UHL1;Сипаттамалары:Гидравликалық қосқышқа  
көлемді беру, л/мин:- минималды-70;- номиналды-150;- максимум-200;Айдау қысымы, Мпа (кгс/см2);- номиналды-10  
(100);- максимум - 20(200);- Ағызу желісіндегі қысым, МПа (кгс/см2 0,5 (аспайды);Номиналды көлемді беру кезіндегі  
ротордың айналу жиілігі, с-1 (айн /мин)төмен берілісте-0,47 (28);жоғары берілісте-1,9 (112);Номиналды айдау қысымы  
кезіндегі ротордағы айналу моменті, Нм (кгс•м)төмен берілісте-6093 (622);жоғары берілісте-1523 (155);Ротордағы ең  
жоғары қысым қысымындағы айналу моменті, төмен берілістегіНм (кгс•м) - 12186 (1244);жоғары берілісте-3046 (310);  
Салмағы, кг-293 max;Габариттік өлшемдері, мм. – 1140x770x640;Гидравликалық кілт роторын ұстау үшін 8 роликті  
күшейтілген корпус болуыкерек.Кілтті жинақтау:- Гидравликалық кілт (диаметрі 73 мм құбырларға арналған жақтары бар  
– 1дана.- қолмен құлыптау құрылғысы-1 дана.;– аспалы құлыптау құрылғысы-1 дана.;– Шланг du25 РВД25.33x1, 5 - 2  
дана.- 60 мм, 89 мм ҰБТ астындағы плашкалары бар ауыстырылатын жақтаржиынтығы - 1 кмп.- қысқыш-2 дана.;-  
реактивті тарту - 1 дана.;- болат арқан ф12 мм ұзындығы 3 м - 2 дана.;- F12 мм арқан астындағы коуши-4 дана.;- Ф12 мм  
арқанастындағы қысқыштар-18 дана.;- май шприци - 1 дана.;- жылдам қосылатын қосылым-әрқайсысы 1 дана.;-1,25/1000  
итарқа (d – 12,0 мм) - 1 дана.;- Гидравликалық кілтке арналған ЗИП жинағы-1 кмп.;- көтергіш мұнарасында гидравликалық  
кілтті орнатуға арналған ролик жәнегидравликалық кілтті реактивті тартқышын бекітуге арналған тірекорнатылуы керек.  
Спайдер:Максаты-СКҚ мен бұрғылау құбырларын қармап және оларды ұңғымалардыжөндеу және бұрғылау кезінде  
түсіру көтеру операциялары кезінде мұнайұңғымаларының аузындаіліп ұстау;Рұқсат етілген жүктеме, кН (т) - 500(50);  
Ұсталатын құбырлардың диаметрлері, мм - 50, 60, 73, 89;Сыналарды жылжыту жетегі - гидравликалық немесе  
пневматикалық;Жұмыс қысымы, Мпагидрожүйеден-3-5;пневможүйеден-0,6-0,9;Габариттік өлшемдері, мм- 565x480x360;  
Салмағы, кг (артық емес) - 120;Көмекші гидравликалық жетек лебедкасы, ко - 1,2 ко;Гидравликалық кілтті мен спайдерге  
арналған тасымалдау жақтауы-2 дана.Көтергіштің гидрожүйесі мен пневможүйесі гидрожүйе мен спайдердіңпайдалану  
сипаттамаларын қамтамасыз етуі керек.Тікелей құбыр кілттерінің жиынтығы, кілттің өлшемдері, 250 мм. – 2 дана.(қуыс  
штангалар үшін – 34-49 мм.), 350 мм - 2 дана. (түтік үшін-60 мм.),450 мм - 1 дана. (түтік үшін-73 мм.) және 600 мм - 1  
дана. (89 мм үшін);Құбыр кілттерінің техникалық сипаттамалары:- әсіресе берік тұтқа;- тұтқадағы ауыстырылатын губка  
(Қос қатайтылған легирленген болат) ;- ауыстырылатын жоғарғы жылжымалы губка (Қос қатайтылған легирленгенболат);-  
ауыстырылмайтын реттеу гайкасы;- ауыстырылатын кірістіру-серіппе;- жұмыс орнында ілу үшін тұтқадағы тесік;- мықты  
шойын корпусы және жақтауы двутарлы қималы үстіңгі бетіқозғалмалы соғылған, бұрандасын өзін-өзі тазартатын және  
үстіңгі жәнеастыңғы шектері ауыстырылатын .Кілттер жиынтығы (сорғы-компрессорлық құбырлардың  
ұңғымаларындатүсіру-көтеру операциялары кезінде, оның ішінде автомат-кілт және механикалық кілт көмегімен  
монтаждау-бөлшектеу жұмыстарын жүргізу кезіндеқолданылатын) ҰКТ үшін көлденең күшейтілген құбыр кілтті 60  
(кемінде -1 дана), 673 (кемінде -1 дана), 689 (кемінде -1 дана) жәнебұрауға арналған қол штангалық кілттер жиынтығы-  
сорғы-компрессорлыққұбырлардың ұңғымаларында Түсіру-көтеру операциялары кезіндемонтаждау-демонтаждау  
жұмыстарын жүргізу, оның ішінде автомат-кілт жәнемеханикалық кілттің көмегімен) ҰКТ үшін көлденең күшейтілген  
құбыр кілтті 60 (кемінде -1 дана), 673 (кемінде -1 дана), 689 (кемінде -1 дана).)және ашуға-жабуға бұрау үшін қол  
штангалық кілттер жиынтығы, шарттыдиаметрлері бар сорғы штангаларының бұрандалы қосылыстары: -19 (кемінде-1  
дана), 22 (кемінде -1 дана), 25 (кемінде -1 дана);Қауіпсіздік құралдары:- баспалдақ-шасси қозғалтқышына қызмет  
көрсетуге арналған қондырғы.- жүк көтергіштігі 10 тоннадан кем емес автомобиль гидравликалық ұсы.;-ОП-10 өрт  
сөндіргіш;- медициналық алғашқы көмек жинағы;- апаттық тоқтау белгісі;- кері қайтару аялдамасы;- құралдар жиынтығы;-  
кызғылт сары түсті жарқыраған маяк;Қосымша жабдықтау және жетілдіру:ҚР СТ ГОСТ 512053-2001 және ҚР СТ ГОСТ  
41.104 - 2001 бойынша жарықшағылыстыратын материалмен контурлық таңбалау;"АҚ "Ембімұнайгаз"логотипі".GSM /  
GPS-терминалдың болуы ("EasyLogic" функциясын пайдалану мүмкіндігібар 7.0 нұсқасынан төмен емес) көлік  
координаттарын бекіту және олардыберу мүмкіндігімен көлік мониторингі жүйесінің болуы"ЭМГ"ақ gps-мониторинг



серверінің IP-мекенжайына (217.196.24.82) GSM-желілер. Жеткізілген GPS терминалдары келесі сипаттамаларға сәйкес келуі керек: GLONASS / GPS ішкі антеннасы; GSM / GPRS ішкі антенна; ГЛОНАСС / GPS қабылдағышы сезімталдық, кем дегенде -164 дБм, Суық бастау 26с, ыстық бастау 1с; Координаттарды анықтау дәлдігі, кем емес: 2,5 м (қабылдағыштың кірісіндегі сигнал деңгейі -130 dBm-ден жоғары болған жағдайда үздіксіз жазудың 24 сағаты үшін өлшеулердің кемінде 50% - аниіе соғу, спутниктер саны кемінде 6); GSM модемі: GSM 850/900/1800/1900, GPRS класы 12; Ішкі жад мөлшері кемінде 16 (Мб); Ішкі жадтағы нүктелердің максималды саны 450000; Сыртқы жад өлшемі 32 Гб дейін (FAT32), 512 Гб (exFAT), micro SD картасын пайдаланған кезде әр Гб үшін 2 500 000 нүктеге дейін; Mini Sim Sim түрі, 2 дана; Кірістірілген Акселерометр; Қуат түрі: Li-Ion батареясы, 1000 мАч; Аналогты-дискретті және жиілік-импульстік кірістер кемінде 7 дана, кернеу диапазоны -0-33 В, максималды өлшенетін жиілік – 4 кГц.; Транзисторлық шығыстар (0/1 шығысы) кемінде 4 дана, максималды кернеуі 30В, ток 200 мА аспайды.; CAN: J1939, FMS, J1979, OBD II, 29 және 11 биттік идентификаторлар, отыншығыны датчиктерін қосу және конфигурациялау мүмкіндігі; RS232 сандық кірістер саны кемінде 1; RS485 сандық кірістер саны кемінде 1; Сандық кіріс 1-Wire кем дегенде 1; Функционалдылықты кеңейту: алгоритмдерді құру мүмкіндігі ("EasyLogic"); Шаңнан қорғайтын кем дегенде IP54; Жұмыс температурасының диапазоны -40-тан +85 °С-қа дейін; 9-40 в жұмыс кернеуі, автомобильдің борттық желісіндегі кез-келген импульсті лақтырудан қорғау; Қуат кірісіндегі шекті рұқсат етілген кернеу -900-ден +200В-қа дейін; Өлшенетін кернеу диапазоны 0-33В; Терминал шығысына қосылған максималды кернеу 30в. Жүргізушіні ескерту үшін кіріктірілген дыбыстық сигналдың болуы Бірегей индикатормен және көшіруден қорғаумен индекстеу кілттерін қолдау Микрофонды қосу мүмкіндігі бар; Динамикті қосу мүмкіндігі бар; Порт нөмірі GSM/GPS терминалының түріне байланысты және оны орнату кезінде нақтылауды қажет етеді. Өлшеу құралдарының түрін бекіту туралы сертификаттың болуы; Тексеру сертификатының болуы және тексеру аралық интервалдың кемінде 2/3 қалдық мерзімі болуы тиіс - DRT (отын шығыны датчигі) - GPS жүйелері арқылы деректерді беру; БСМ (борттық мониторинг жүйесі): жылдамдық режимінің бұзылуын, күрттежелу мен үдеуді, қауіпсіздік белдігін, фаралардың жақын жарығын, бұзушылық туралы дыбыстық ескертуді және жүргізушіні сәйкестендіру кілтін тіркеу; - Артқа қозғалыс дыбыстық сигналы; Жиынтықтылығы: Жинақта көтергіш агрегат; Гидрокілтті қосу үшін гидравликалық жүйе; Өрмекшінің пневматикалық қосылу жүйесі; Алдыңғы тіректерге арналған тіректер; Кілттерді ілуге арналған роликтер; Үшқын сөндіргіші бар шығару жүйесі; Көмекші лебедка; ЭЦН ролигін ілуге арналған құрылғы; Шассиді көлденең күйге орнатуға арналған аспап; ЗИП жиынтығы; Құралдар қорабы; Іске қосу-зарядтағыш. Гидравликалық кілт; Спайдер; Құбыр және штанга кілттері; Салмақ индикаторы (ұңғымаларды бұрғылау және жөндеу параметрлерін бақылау жүйесі); Автокөлік 018 /2011 КО ТР талаптарына сәйкес келуі тиіс. Өнім беруші тауарды пайдалануға беру күнінен бастап 12 ай ішінде, бірақ жеткізу күнінен бастап 24 айдан аспайтын мерзімде тауардың барлық көлеміне сапаға кепілдік береді.

### 3. Тауар маркалары/модельдері және өндірушілері

Маркасы/моделі	Өндірушінің атауы	Шығарған мемлекет	Саны
Подъемная установка АПРС - 40	АО "Петропавловский Завод Тяжелого Машиностроения"	ҚАЗАҚСТАН	8.00



Тауар жеткізу келісім-шартындағы жергілікті қамту үлесінің болжамалы/нақты есептеуі

№ \_\_\_\_\_

№ р/с	Жеткізуші	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқаша сипаттамасы	МКЕИ-ге сәйкес өлшем бірліктерінің коды және атауы	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауар шығарылған елдің коды	Жергілікті тауардағы мазмұн, теңгемен	Шартта жергілікті қамту, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақпалай мәнде	№	Серия	Берген органының коды	Берілген жылы	Берілген күні	Жергілікті қамту үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:



3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skz.kz/>

8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.

9. СТ-KZ сертификатының сериясы.

10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.

11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.

12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.

13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда жергілікті қамтудың үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тен

14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.

Жергілікті қамтудың үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Қол қоюшылар:

Жылкайдаров Максат Оркенулы, Заместитель генерального директора по коммерческим вопросам

Есламғалиева Светлана Курметовна, Начальник отдела планирования и организации закупок департамента закупок

Меткерим Ануар Серікұлы, Директор департамента материально-технического снабжения

Кабышев Диас Кайратович, Начальник отдела управления договорами МТС

Жаксылыков Нургали Омарханович, Руководитель группы исполнения договоров

Мырзашев Адилжан Багитович, Начальник отдела договорно-правовой работы департамента правового обеспечения

Мендығалиева Фарид Шарлиновна, Ведущий бухгалтер службы подготовки налоговой отчетности центральной бухгалтерий

Бердиева Светлана Муратовна, Начальник отдела методологии и отчетности департамента закупок

Косанов Канат Тарғынович, Начальник отдела казначейства финансового департамента

Құлмағамбетов Арман Сансызбаевич, Генеральный директор

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе



## Договор о закупке товаров №864478/2023/1

01.07.2023 г.

Акционерное общество "Эмбаунайгаз", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице Заместитель генерального директора по коммерческим вопросам Жылкайдаров Максат Оркенулы, действующего на основании Доверенность №1851422251 от 13.09.2022, с одной стороны, и Акционерное общество "Петропавловский завод тяжелого машиностроения" именуемое в дальнейшем «Поставщик», в лице Генеральный директор Кулмагамбетов Арман Сансызбаевич, действующего на основании Устава, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденным решением Совета директоров АО «Самрук-Қазына» (№193 от «03» марта 2022 года) (далее – Порядок), и на основании Протокол итогов № 864478, заключили настоящий договор о закупках товара (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

Потенциальный поставщик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что:

- является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством;
- отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора;
- оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

### 1. Предмет Договора

1.1. Поставщик обязуется поставить и передать в собственность Заказчика товары по ценам, параметрам и другим условиям, указанным в Договоре (далее - Товар), а Заказчик обязуется принять и оплатить Товар на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2. Поставщик обязуется передать Товар по ценам и в сроки, указанные в Приложениях №1 и №2 к Договору, а Покупатель обязуется принять и оплатить Товар при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.3. Поставка Товара осуществляется на условиях DDP «Инкотермс 2010».

1.4. Количество Товара, единица Товара, его технические характеристики, место поставки и адрес Грузополучателя определяются Приложениями №1 и №2 к Договору.

### 2. Определения.

2.1. В данном Договоре нижеперечисленные определения и понятия имеют следующее значение:

- 1) Грузополучатель – производственное структурное подразделение Покупателя, указанное в графе «Место поставки» в Приложениях №1 и №2 к Договору;
- 2) Покупатель (Заказчик) - АО «Эмбаунайгаз»;
- 3) Поставщик - АО "Петропавловский завод тяжелого машиностроения" ;
- 4) Товар – товарно-материальные ценности, указанные в Приложениях №1 и №2 к Договору;
- 5) срок поставки – срок, исчисляемый с даты подписания Сторонами Договора до окончательной даты поставки Товара согласно Приложениям №1 и №2 к Договору;
- 6) приемка – приемка Товара комиссией Покупателя;
- 7) дата поставки Товара – дата поставки Поставщиком Товара с передачей Покупателю полного пакета сопроводительных документов, указанных в пункте 7.3. Договора;
